

Лебяжі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қаңтардағы "Сот шешімімен Лебяжі ауданының коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" № 133/22 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 47/10 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда № 25928 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Павлодар облысының Качир, Лебяжі аудандарын қайта атау туралы" Жарлығына сәйкес, Аққулы аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Лебяжі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қаңтардағы "Сот шешімімен Лебяжі ауданының коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" № 133/22 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5838 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аққулы аудандық мәслихатының хатшысы

К. Есимов